60. Мемлекеттік органның уәкілетті лауазымды адамына инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту нәтижелері бойынша бар болған жағдайда бас тарту себептері көрсетілген прокурордың жауабы электрондық нысанда жіберіледі.

61. Мемлекеттік органның уәкілетті лауазымды адамында электрондық құжат айналымы жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді прокурордың келісуі не келісуден бас тартуы қағаз жеткізгіште ұсынылады.

62. Инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту кезінде прокурор мынадай:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың заңдылығы мен негізділігі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын не ӨҚБТК-нің 741 және 742-баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болуы;

2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нақты мән-жайлары, оның ішінде құқық бұзушының жеке басы, сондай-ақ қол сұғушылық объектісі, ал зиян болған кезде – оның мөлшері;

3) инвестор үшін инвестициялық жобаны одан әрі іске асыруға теріс әсер ететін не мемлекетке залал келтіруі мүмкін ықтимал салдарлардың болуы;

4) инвестордың қызметінен адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіру қаупінің болуы;

5) инвестор жасаған құқық бұзушылық және салынатын әкімшілік жаза салдарлары ауырлығының сәйкес келмеуі туралы мән-жайларды ескереді.

63. Прокурордың инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуы осы Қағидалардың 62-тармағында көрсетілген келесі негіздер бойынша:

1) ӘҚБтК-нің 741-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын оқиғаның, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының және өзге де мән-жайлардың болмауы;

2) адам өміріне, денсаулығына зиян келтіру қаупі болмаған жағдайда инвестор жасаған құқық бұзушылықтың және тағайындалатын әкімшілік жаза салдарлары ауырлығының сәйкес келмеуі;

3) инвестор үшін инвестициялық жобаны одан әрі іске асыруға теріс әсер ететін не инвестордың қызметін тоқтату қаупі бар ықтимал салдарлардың болуы;

4) ӘҚБтК-нің 802-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін себептер мен негіздердің болмауы;

5) ӘҚБтК-нің 742-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болу негіздері бойынша шығарылады.

64. Инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісудің не келісуден бас тартудың электрондық нысанында электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мынадай:

1) прокуратура органының атауы, күні, прокурордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді шығаруға бастамашы болған мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, олардың лауазымды және оларға теңестірілген адамдардың атауы;

3) инвестордың атауы;

4) өтінімнің мәртебесі "келісілді" не "келісуден бас тартылды";

5) осы Қағидалардың 63-тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартудың негізі туралы деректер көрсетіледі;

65. Инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді прокурор келіскен жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға уәкілетті адам осы туралы прокурордың жауабы келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде инвесторға хабарлайды..

66. Инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуді не келісуден бас тартуды аумақтық қағидат бойынша прокурор жүзеге асырады.

67. Облыстық және аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік органдардың уәкілетті лауазымды адамдарының шешімдері аумақтылығы бойынша әскери және көлік прокуратураларының, облыс прокуратуралары және оған теңестірілген прокуратураларына, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың тиісті органдарына жіберіледі.

Мұндай шешімдерді келісуді немесе келісуден бас тартуды кәсіпкерлік және инвестицияларды қолдау саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдарының қызметкерлері жүзеге асырады.

68. Орталық мемлекеттік органдардың уәкілетті лауазымды адамдарының шешімдері осындай шешімдерді келісу немесе келісуден бас тарту жүзеге асырылатын ИҚҚК-ға жіберіледі.

Мұндай шешімдерді келісуді не келісуден бас тартуды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының кәсіпкерлік және инвестицияларды қолдау саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшесі жүзеге асырады.

69. Инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағым жасау "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 25-бабында және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

70. Жоғары тұрған прокурор мұндай шағымды прокуратура органдарына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

71. Шағымды қарау нәтижелері инвесторларға қатысты прокурордың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағымдану үшін негіз болып табылады.

72. Жоғары тұрған прокурор не сот шағым бойынша шешім қабылдағанға дейін инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім прокурормен келісілмеген деп танылады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне 13-қосымша
Қазақстан Республикасы
прокуратура органдары
жүйесінің
қызметкерлеріне ақшалай
ризықты, жәрдемақылар мен
басқа да төлемдерді төлеу
қағидаларына қосымша
нысан

№ АҚШАЛАЙ АТТЕСТАТ

(аттестатты берген органның атауы)

_____төмендегілерді куәландырады: _____

(әскери немесе арнаулы атағы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), жеке нөмірі)

1. Лауазымдық жалақысы айына _____ теңге.
2. Сыныптық шен (арнаулы атағы) үшін қосымша ақы айына _____ теңге.
3. Сыныптық біліктілік үшін үстемеақы айына _____ теңге.
4. Құпиялылық үшін үстемеақы айына _____ теңге.
5. Шифрлау жұмысы үшін үстемеақы айына _____ теңге.
6. Тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай жәрдемақы айына _____ теңге.
7. Лауазымдық жалақысын есептеу үшін еңбек сіңірген жылы на
20 ____ жылғы _____ жай-күй бойынша
_____ жыл _____ ай _____ күн деп белгіленді.

Мынадай ақшалай ризық түрлерімен қанағаттандырылды:

8. Лауазымдық жалақы _____.
9. Сыныптық шен (арнаулы атағы) үшін қосымша ақы _____.
10. Сыныптық біліктілік үшін үстемеақы _____.
11. Құпиялылық үшін үстеме ақы _____.
12. Шифрлау жұмысы үшін үстемеақы _____.

13. Тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай жәрдемақы _____.

14. Алименттер, кімге: _____
мөлшері _____.

15. Демалыс 20 ____ жылға _____.
(пайдаланған-пайдаланбағанын көрсету)

16. Сауықтыру жәрдемақысы _____
(төленген-төленбегенін көрсету)
Берешегі бар _____
(берешек түрін көрсету)

_____ 20 ____ жылдан бастап. _____ қарамағында.

Қызметкердің ЖСН _____

Қызметкердің ағымдағы шоты _____
(Шот №, банктің атауы)

Аттестат байланысты берілді _____
(қызметі бойынша ауысу, жұмыстан шығу және тағы басқа)

_____ 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ бұйрыққа сәйкес

М.О. Басшы _____ (қолы) Бас бухгалтер

_____ (қолы) Аттестаттағы деректер дұрыс деп
есептеймін _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
14-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы
туралы анықтама беру"
мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
2-қосымша

"Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса)	жоқ
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 3) "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 (он) минут; қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні; шет елге шыққан жағдайда: астанада, облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні;

		Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні;
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Электрондық (ішінара цифрландырылған) Қағаз түрінде Композиттік тәсілмен көрсетілетін
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	"Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 4 немесе 5-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру. Басқа жеке тұлғаға соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы беру, мәліметтер сұратылып отырған адамға қатысты нотариалды расталған сенімхаттың негізінде жүзеге асырылады. Шет елге шығу үшін қағаз нысанда, оның ішінде апостилі бар соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы дайындауға сұрау салуды электронды түрде берген жағдайда, дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушының немесе нотариалды түрде куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің цифрлық құжаттар сервисінен жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжатының негізінде көрсетілетін қызметті алушының порталда таңдаған Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік корпорация соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманың қағаз нысанда 1 (бір) айдың ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге 2 (екі) ай ішінде әрі қарай сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті

		беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. Көрсетілетін қызметті алушының арызын және оған қатысты қағаз нысандағы құжаттарды, сондай-ақ оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы 3 (үш) ай ішінде келмеген жағдайда қағаз нысандағы соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші оларды жеке номенклатуралық іске тігеді (қалыптастырады).
7	Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
8	Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және цифрландыру объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, Кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін. Құжаттарды қабылдау "цифрлық кезек" тәртібінде жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы "цифрлық кезекті" брондауға рұқсат етіледі; 3) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық

	үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күні аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүргізіледі); 4) Бірыңғай байланыс орталығы – күн сайын 9.00 ден 21.00-ге дейін. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің: www.gov.kz/memleket/entities/pravstat, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде; 2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz; 3) www.egov.kz порталының интернет-ресурсында көрсетілген.
	1) Мемлекеттік корпорацияға: "Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру туралы арыз; жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке адамды сәйкестендіру үшін); нотариалды түрде куәландырылған сенімхат – көрсетілетін қызметті алушының мүддесін басқа адам білдірген кезде; кәмелеттік жасқа толмаған жақын туыстарына анықтама алу кезінде туыстық байланыстарын растау үшін туу туралы куәлік (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке адамды сәйкестендіру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының бұрынғы анықтамалық деректері (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні (күні, айы, жылы) бойынша соттылықтың

9	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	болуы не болмауы туралы анықтама алу үшін ақпараттық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде, көрсетілетін қызметті алушы олардың ауыстырылғандығын растайтын құжатты ұсынады. 2) порталда: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған немесе ұялы байланыс операторымен берілген көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда, бір реттік парольмен куәландырылған электрондық сұрау салу беріледі. Шет елге шығу үшін соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы қағаз нысанда алу үшін бір уақытта Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайы таңдалады; мәліметтер сұратылып отырған адам порталда "жеке кабинеттен", сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен келісім берген жағдайда, үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы. Көрсетілетін қызметті берушілер, Мемлекеттік корпорация цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.
10	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген	жоқ

	мемлекеттік қызметті көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	
11	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	Қажет болған жағдайда, тұрмыс-тіршілігін шектейтін ағза функцияларында тұрақты ауытқумен денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау Мемлекеттік корпорацияның қызметкерімен Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефонына жүгіну арқылы тұрғылықты мекенжайына барумен жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет композиттік тәсілмен "Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметпен жиынтықта көрсетілуі мүмкін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшінші тұлғаларға көрсетілуі мүмкін. Үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы мәліметтер сұратылып отырған адам порталда "жеке кабинеттен", сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен келісім берген жағдайда орындалады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалар қызметі, сондай-ақ қашықтықтан қол жеткізу режимінде 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

Цифрлық құжаттар сервисі "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
15-қосымша
"Соттылықтың болуы не
болмауы туралы анықтама беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына 4-қосымша
нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ КОМИТЕТ ПО
ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКЕ И СПЕЦИАЛЬНЫМ УЧЕТАМ ГЕНЕРАЛЬНОЙ
ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН А Н Ы Қ Т А М А С П Р А В К А _____**

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/фамилия, имя, отчество (при его наличии) _____
_____ (туған күні/дата рождения) _____
_____ (туған жері / место рождения)

20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша соттылығы жоқ / бар.

По состоянию на "___" _____ 20__ года судимости не имеет / имеет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

Осы анықтамада көрсетілген мәліметтер қылмыстық істер бойынша процестік шешімді қабылдау кезінде, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға және оларға теңестірілген тұлғаларға қатысты арнайы тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген оларды қылмыстық жауаптылыққа тартумен байланысты шектеулер қойылған адамдарға қатысты қолдануға жатпайды.

ВНИМАНИЕ!!!

Сведения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан используются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Указанные в настоящей справке сведения не подлежат использованию при принятии процессуальных решений по уголовным делам, при производстве специальных проверок в отношении лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, и лиц, приравненных к ним, а также в

отношении лиц, подпадающих под ограничения, связанные с привлечением их к уголовной ответственности, предусмотренные законами Республики Казахстан.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

Согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан данный документ равнозначен документу на бумажном носителе.

Цифрлық құжаттың түпнұсқалығын Сіз egov.kz сайтынан, сондай-ақ "цифрлық үкімет" веб-порталының мобильді қосымшасы арқылы тексере аласыз.

Проверить подлинность цифрового документа Вы можете на egov.kz, а также посредством мобильного приложения веб-портала "цифрового правительства".



штрих-код ақпараттық жүйесінен алынған және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің құрылымдық бөлімшесі бастығының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.

штрих-код содержит данные, полученные из цифровой системы и подписанный электронной цифровой подписью начальника структурного подразделения Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
16-қосымша
"Прокуратура органдарынан,
тергеу және анықтау
органдарынан шығатын ресми
құжаттарға апостиль қою"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына 2-қосымша

"Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары
----	---------------------------------------	--

2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса)	жоқ
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 3) "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 (он) минут; қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні; шет елге шыққан жағдайда: астанада, облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні; 2) құжаттар топтамасын тапсыру және құжаттарды алу кезінде күтуге ең көп жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут; 3) қызмет көрсетудің ең көп жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут. Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Электрондық (ішінара цифрландырылған) Қағаз түрінде Композиттік тәсілмен көрсетілетін
		Адамның қойылған қолының түпнұсқалығын және оның өкілеттігін куәландыратын,

6.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	сондай-ақ осы құжат бекітілген мөр және мөртабанның түпнұсқалығын растайтын арнайы мөртабан – апостиль қойылған құжат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. Мемлекеттік корпорация соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманың қағаз нысанда 1 (бір) айдың ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге 2 (екі) ай ішінде одан әрі сақтау үшін береді . Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. Көрсетілетін қызметті алушының арызын және оған қатысты қағаз нысандағы құжаттарды, сондай-ақ оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы 3 (үш) ай ішінде келмеген жағдайда қағаз нысандағы соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші жеке номенклатуралық іске тігеді (калыптастырады).
7.	Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 667-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әрбір құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік баж алынады. Төлем "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады. Құжаттарға апостиль қоюға төлем деректемелері: Астана қаласының Алматы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, ж/ш 108125, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің kkmfkz2a есеп айырысу шоты kz24070105

		ksn0000000 БСН 981140001105 ТМК 911, 991.
8.	Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және цифрландыру объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, Кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін. 3) Бірынғай байланыс орталығы – күн сайын 9.00 ден 21.00-ге дейін. Құжаттарды қабылдау "цифрлық кезек" тәртібінде жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, порталы арқылы "цифрлық кезекті" брондауға рұқсат етіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің: www.gov.kz/memleket/entities/pravstat, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде; 2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz; 3) www.egov.kz порталы.
		"Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша арыз; жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (жеке адамды сәйкестендіру үшін);

9.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	апостиль қою үшін ұсынылатын прокуратура органдарының, тергеу және анықтау органдарының ресми құжаты; мемлекеттік бажды төлеу туралы түбіртек. Көрсетілетін қызметті берушілер, Мемлекеттік корпорация цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.
10.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті беруші бас тартудың мынадай: 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының бекітілген нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмеуі себептерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушыға жауап жібереді.
		Қажет болған жағдайда, тұрмыс-тіршілігін шектейтін ағза функцияларында тұрақты ауытқумен денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау Мемлекеттік корпорацияның қызметкерімен Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777

11.	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	телефонына жүгіну арқылы тұрғылықты мекенжайына барумен жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет композиттік тәсілмен "Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметпен немесе "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметпен жиынтықта көрсетілуі мүмкін. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалар қызметі, сондай-ақ қашықтықтан қол жеткізу режимінде 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.
-----	---	--

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне 17-қосымша
"Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті мен оның аумақтық
органдары архивтерінің шегінде
архивтік анықтамаларды және/

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса)	жоқ
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 3) "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) құжаттар топтамасын астанада, облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 8 (сегіз) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні; 2) құжаттар топтамасын тапсыру және құжаттарды алу кезінде күтуге ең көп жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут; 3) қызмет көрсетудің ең көп жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

		Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Электрондық (ішінара цифрландырылған) Қағаз түрінде Композиттік тәсілмен көрсетілетін
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтама және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелері, мәліметтер болмаған кезде – жазбаша жауап не порталдың "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамның ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында. Дайын құжаттарды басқа жеке тұлғаға беру өзіне қатысты мәліметтер сұратылатын адам берген, нотариалды түрде куәландырылған сенімхат негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік корпорация анықтаманың қағаз нысанда 1 (бір) айдың ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге 2 (екі) ай ішінде одан әрі сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. Көрсетілетін қызметті алушының арызын және оған қатысты қағаз нысандағы құжаттарды, сондай-ақ оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы 3 (үш) ай ішінде келмеген жағдайда қағаз нысандағы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші жеке номенклатуралық іске тігеді (қалыптастырады).

7.	Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
8.	Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және цифрландыру объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, Кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін. Құжаттарды қабылдау "цифрлық кезек" тәртібінде жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы "цифрлық кезекті" брондауға рұқсат етіледі; 3) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күні аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүргізіледі); 4) Бірыңғай байланыс орталығы – күн сайын 9.00 ден 21.00-ге дейін. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің: www.gov.kz/memleket/entities/pravstat, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде;

		2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz; 3) www.egov.kz порталының интернет-ресурсында көрсетілген.
9.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) Мемлекеттік корпорацияға: "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру туралы арыз; жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (жеке адамды сәйкестендіру үшін); туыстарға ақпарат (цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда) алу кезінде туыстық байланыстарын растайтын құжаттар не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат; нотариалды түрде куәландырылған сенімхат – көрсетілетін қызметті алушының мүддесін басқа адам білдірген кезде; 2) порталда: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған немесе ұялы байланыс операторымен берілген көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда , бір реттік парольмен куәландырылған электрондық сұрау салу беріледі. Қызмет көрсетудің нәтижесін қағаз нысанда алу үшін бір уақытта Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайы таңдалады; Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы

		байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "цифрлық үкімет" веб порталы хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.
10.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті беруші бас тартудың мынадай: 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидаларда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларында бекітілген талаптарға сәйкес келмеуі (16 жасқа толмай қоныс аударған адамдар (1939 жыл мен 1955 жыл аралығында) арнайы есепке алынбаған) себептерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушыға жауап жібереді.
		Қажет болған жағдайда, тұрмыс-тіршілігін шектейтін ағза функцияларында тұрақты ауытқумен денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефонына жүгіну арқылы тұрғылықты мекенжайына барумен жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет композиттік

11.	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	тәсілмен "Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметпен жиынтықта көрсетілуі мүмкін. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалар қызметі, сондай-ақ қашықтықтан қол жеткізу режимінде 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.
-----	---	---

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
18-қосымша
"Адамның сыбайлас жемқорлық
қылмыс жасағаны туралы
мәліметтер беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
2-қосымша

"Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса)	жоқ
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін ұсыну тәсілдері (бар болса)	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру: 1) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 2) "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі және оның кіші түрлері (бар болса)	1) құжаттар топтамасын облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 8 (сегіз) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні; 2) құжаттар топтамасын тапсыру және құжаттарды алу кезінде күтуге ең көп жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут; 3) қызмет көрсетудің ең көп жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут. Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және оның кіші түрлері (бар болса)	Электрондық (ішінара цифрландырылған)
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлері (бар болса)	"Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру" мемлекеттік қызметті көрсету Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру. Осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша түпкілікті процестік шешім қабылданбаған сыбайлас жемқорлық баптары бойынша қозғалған қылмыстық істің болуы туралы мәліметтері бар хабарлама.

7.	Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
8.	Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және цифрландыру объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбі мен жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күні аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, сұрау салуларды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүргізіледі); 3) Бірыңғай байланыс орталығы – күн сайын 9.00 ден 21.00-ге дейін. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің: www.gov.kz/memleket/entities/pravstat, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде; 2) www.egov.kz порталы.
9.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен тізбесі және оның кіші түрлері (бар болса)	Порталда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған немесе ұялы байланыс операторымен берілген көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда, бір реттік парольмен куәландырылған электрондық сұрау салу беріледі. Мәліметтер сұратылып отырған адам порталда "жеке кабинеттен", сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы портал хабарламасына жауап ретінде бір

		реттік парольді жіберу немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен келісім берген кезде үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.
10.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден және оның кіші түрлерінен (бар болса) бас тарту үшін негіздер	Жоқ
11.	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	Үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы мәліметтер сұратылып отырған адам порталда "жеке кабинеттен", сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен келісім берген жағдайда орындалады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ қашықтықтан қол жеткізу режимінде 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда, портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар Цифрлық құжаттар сервисі "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, "цифрлық үкімет" мобильді қосымшасында авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

